

БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАҚЫРЫБЫНА

ЖОЛ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ



Коллаж авторы: Г. ЖАНСУЛТАН


ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ – БҮГІНГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЕҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ. ОЛ ТЕК БІР МЕМЛЕКЕТТІҢ ҒАНА ЕМЕС, БҮКІЛ ӘЛЕМ ЕДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕДІ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЖОЛ-КӨЛІК Оқиғалары адам өмірі мен денсаулығына үлкен қауіп төндіріп отыр. СТАТИСТИКАЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕРГЕ СҮЙЕНСЕК – ЖЫЛ САЙЫН ӘЛЕМ БОЙЫНША ЖОЛ АПАТТАРЫНЫҢ САЛДАРЫНАН ШАМАМЕН 1,25 МИЛЛИОН АДАМ ҚАЗА ТАУЫП, 50 МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚ АДАМ ТҮРЛІ ДЕҢГЕЙДЕ ЖАРАҚАТ АЛАДЫ.

ЖОЛ-КӨЛІК Оқиғалары кездейсоқ пайда болмайды. КӨП ЖАҒДАЙДА ОЛАР ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАМАУ, ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ШАМАДАН ТЫС АРТТЫРУ, ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІҢ САЛҒЫРТТЫҒЫ МЕН ЖАУАПСЫЗДЫҒЫНЫҢ САЛДАРЫНАН ОРЫН АЛАДЫ. ӘРБІР АПАТТЫҢ АРТЫНДА АДАМ ТАҒДЫРЫ, ОТБАСЫНЫҢ ҚАЙҒЫСЫ, ОРНЫ ТОЛМАС ӨКІНІШ ЖАТАДЫ.

ОБЛЫСЫМЫЗДА 2025 ЖЫЛЫ 59 АДАМ ӨЛІМІМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖОЛ-КӨЛІК Оқиғасы тіркелген. Бұл жолдағы БІР СӘТТІК ҚАТЕЛІК ОРНЫ ТОЛМАС ӨКІНІШ. ТІПТІ ЖУЫРДА МАҚАТ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ ДОССОР КЕНТІ АУМАҒЫНДА ЖАНТҮРШІГЕРЛІК ЖОЛ-КӨЛІК Оқиғасы тіркелді.

(Жалғасы 4-бетте)

АҢДАТПА




Құрылыста жұмыс қарқынды

2



Отанды қорғау – ортақ іс

5



Махдидің асығы алшысынан түсті

8

БӨРЕКЕЛДІ!

Б.СЕРІК

ФУТЗАЛ ҚҰРАМАСЫ – ТӨРТТІК ФИНАЛДА



МАҚАТТЫҚТАР ДЕСЕ, АЛДЫМЕН КӨПШІЛІККЕ ФУТЗАЛШЫЛАР ОЙҒА ОРАЛАДЫ. СЕБЕБИ ОЛАР ӘР ОЙЫН САЙЫН ЖАНКҮЙЕРЛЕРІН ҚУАНТЫП, ЖАРҚЫН ЖЕҢІСТЕР СЫЙЛАУДА.

«Мақат» құрама командасы 30 наурыз – 3 сәуір аралығында Көкшетау қаласында өткен кәсіби клубтар арасында кіші аяқдобынан Қазақстан Республикасы біріншілігінің төртінші айналымында бақ сынасқан болатын. «Көкше» арена спорт кешенінде төрт ойын өткізген

спортшыларымыз алғашқы ойында алматылық «KAIRAT U21» командасымен 1:1 есебімен тең түссе, келесі кездесуде жергілікті көкшетаулық «ELIM AI» командасын 7:5 есебінде айқын басымдықпен жеңді.

Артынша тараздық «TARAZ OMEGA» командасын 7:3 есебімен жеңіп, мерзімінен

бұрын төрттік финалға жолдама алды.

Алсоңғы ойында «Мақат» фutsal құрамасы қызылордалық «QYZYLORDA» командасына 4:3 есебімен есе жіберді.

Десе де бірінші лигаға қатысушы 8 команда арасынан аудандық құрама үздік ойын өрнегін көрсетіп, мұнайлы мекеннің мерейін үстем етті.

Чемпиондық сарапқа салынатын тартысты ойындар мамыр айында Астана қаласында өтпек.

*Баспасөз – 2026



«Мақат тынысына» 2026 жылға жазылу жалғаса береді

«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

<p>Жеке тұлғаға 6 айға - 2272 теңге 66 ТИЫН</p>	<p>Заңды тұлғаға 6 айға - 3993 теңге 60 ТИЫН</p>
<p>8 айға - 3030 теңге 21 ТИЫН</p>	<p>8 айға - 5324 теңге 08 ТИЫН</p>

Газет индексі:
жеке тұлғалар үшін –
65574,
заңды тұлғалар үшін –
15574

Өзіңізге қажетті мәліметті "Мақат тынысынан" ғана аласыз. "Мақат тынысы" Сіздің сенімді серігіңіз болуға дайын! Бір рет жазылып, жыл бойы рухани азық алып тұрыңыз!

Құрметті оқырман!